

Мәмбетов Қ.С.,
Мәмбетова М.Қ., Искакова Г.Н.

**Мұстафа Шоқай және түбі бір
түркінің бірлігі мен тәуелсіздігі**

Mambetov K.S.,
Mambetova M.K., Iskakova G.N.

**Mustafa Shokay and Turkic unity
and independence**

Мәмбетов Қ.С.,
Мәмбетова М.Қ., Искакова Г.Н.

**Мустафа Чокай и единство и
независимость тюрков**

Мақалада Мұстафа Шоқай және түбі бір түркінің бірлігі мен тәуелсіздігі байланыста қарастырылады. Мұстафа Шоқайдың атқарған ұшан-теңіз еңбектері бүгінгі Тәуелсіз түркі мемлекеттерінің ұрпақтарына өсиет-өнеге.

Түйін сөздер: Мұстафа Шоқай, түркі әлемі, алаш партиясы, бірлік, саясат.

In the article the tie between Mustafa Shokay and unity and independence of the Turkic countries is considered. The various dynamic personality of Mustafa Shokay who devoted and risked the life for the sake of interest and purpose of the nation was disclosed. In the article an attempt to define a role of huge works of Mustafa Shokay which are manual, moral incentive of life for generation of the Independent Turkic countries is made.

Key words: Mustafa Shokay, the Turkic world, the party of Alash, unity, politics.

В статье рассматривается связь Мустафы Чокая и единства и независимости тюркских стран. Разносторонняя деятельная личность Мустафы Чокай, который посвятил свою жизнь интересам и целям нации была раскрыта. В статье делается попытка определить роль огромных трудов Мустафы Чокая, которые являются наставлением, моральным стимулом жизни для поколения независимых тюркских стран.

Ключевые слова: Мустафа Чокай, тюркский мир, партия Алаш, единство, политика.

¹Қ.А.Ясауи ат. Халықаралық қазақ-түрік университеті,
Қазақстан Республикасы, Түркістан қ.

²Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

*E-mail: turkologi@mail.ru

МҰСТАФА ШОҚАЙ ЖӘНЕ ТҮБІ БІР ТҮРКІНІҢ БІРЛІГІ МЕН ТӘУЕЛСІЗДІГІ

Мұстафа Шоқайды саяси сахнаға өскен ортасы, ел қамын ойлаған ата-бабасының бай дәстүрі, адалдық, имандылық, Еуропа ілімінен алған таным-тағылымдары, отаршылдықтың зорлық-зомбылықтары, түрік тектес халықтардың өкілдерімен қарым-қатынастары, Алаштың абзал азаматтары, Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов сынды қайраткерлердің ақыл-кеңестері алып шықты.

Мұстафа Шоқай «Алаш» партиясының саяси жұмысына белсене араласумен қатар, Түркістанның, яғни түркі халықтарының бас бостандығы, тәуелсіздігі және автономия алу жолына күш-жігерін жұмсады. Ақпан төңкерісінен кейін «Мұстафа Шоқайдың қызметі мұсылман халқының санасын оятуға бағытталды... Ол барлық күш-жігерін бүкіл Түркістанды біріктіруге арнады» [1], – деп жазады Англияның Орталық Азияны зерттеуші қоғамы. Мұстафа Шоқай 1917 жылдың ақпанынан кейін Орта Азияда және Түркістан халқының саяси және рухани жетекшісі болумен қатар, «Қоқан мұхтариятын» («Қоқан автономиясы») алғашқы құрушы болды. Мұстафа Шоқай ол туралы жазған мақаласында: «1927 жылғы 10 желтоқсан (ескі жыл санауы бойынша 27 қараша) Түркістан ұлттық қозғалысы тарихында аса маңызды орын алады. Өйткені бұдан тура он жыл бұрын Түркістан өзін мұхтар (автономия) деп жариялаған еді. «Қоқан мұхтарияты» – бұл Түркістан мұсылмандары ұлттық қозғалысының алғаш ре құрылып, қалыптасуы еді. Бұл – біздің отанымыздың ұлттық-азаттық жолында абайлап басқан алғашқы қадамы болатын. Соңғы кездері Түркістандағы коммунистік баспасөз беттерінде «Қоқан мұхтарияты» мен оның қалыптасу тарихы жолында көптеген мақалалар жарияланып, түрлі жиындарда да жиі-жиі айтыла бастады. Онда «Қоқан Мұхтариятының» алғашқы құрушысы ретінде мені айтады. Бұл ретте ұлттық қозғалыс пен ұлттық мемлекеттің бастапқы іргетасын қалаушы екенін есту, әлбетте, кісінің көңілін мақтаныш сезіммен қуанышқа бөлейді. Алайда, бұл құрмет маған емес, Түркістан Ұлттық ұйымына тиесілі. Ал тікелей маған тиесілі құрмет болса, 27-28 қараша (10-11 желтоқсан) күні кешкісін Түркістанда «Мұхтар өлке» деп жарияланған әйгілі әрі тарихи төтенше ұлттық құрылтайға басшылық жасауым болатын.

Күні бүгінгідей есімде, құрылтайдың «Түркістан мұхтарияты» туралы шешімін бүкіл өкілдер ерекше қуанышпен қарсы алған еді... Ташкент қаласында 30 қазан күні билік большевиктердің қолына өткен болатын. Уақытша Үкіметтің Түркістан комитеті мүшелерінің бірі едім. Бұл комитет большевиктер тарапынан таратылды...» [2], – дейді «Қоқан мұхтарияты жайында» «Йени Түркістан» журналы (№ 7, 1927. Аударған – Дархан Қыдыралиев. «Ақиқат», № 4. 2005. 53-б.)

Мұстафа Шоқай «Түркістан мұхтариятын» құру құрметі тек маған ғана емес, «Түркістан Ұлттық ұйымына тиісті» деуінің басты себебі, оның құрамында түркі халықтарының өкілдері болды.

1917 жылдың 16-22 сәуір күндері Ташкентте Түркістан мұсылмандарының бірінші құрылтайы өтіп, құрамы сайланды. Ұлттық Орталық құрамында: А.-З.Валиди – башқұрт, Кабир Бокшерев («Улуғ Түркістан» газетінің иесі) – татар, А.Эфендизаде (Ташкентте шығатын «Түрік елі» газетінің редакторы) – әзірбайжан, О.Сердар – түркімен екендігін ескерсек, бұл ұйымның Түркістанның тәуелсіздігі үшін барлық түрік тектес халықтардың күш жігерін жұмылдыруға бағыт ұстанғаны байқаймыз.

Толық тәуелсіздік жөнінде әңгіме қылудың өзі ол мезетте мүмкін емес-тін. «Ол уақытта Ресейден бөліну туралы мәселені қоюға да және оны қабылдауға да Түркістан дайын болмайтын» [3], – дейді М. Шоқай. Болашақты алыстан болжай білетін ұлы саясаткер М. Шоқай Түркістан автономиясы идеясын аса ұқыптылықпен, өлкедегі саяси күштердің арасалмағын есепке ала отырып тұжырымдауға тырысқан. Ол Ташкентте басқа халықтармен тең құқықты өмір сүруді насихаттау және теориялық тұрғыдан негіздеумен қатар, жергілікті бұқара халықты автономиялық қозғалысқа белсене қатыстыру жолында бірнеше бағытта нақты жұмыстар жүргізеді. «Жағдайға байланысты шын көсемдер кейде сабырлы көрінеді, ал кейде, ел мүддесі талап еткенде, олар өз тактикасын түбірімен өзгертуі де мүмкін» – дейді А. Шульгин. Украиндық досының айтуынша, М. Шоқай өз халқының мұң-мұқтажына орай қимылдайтын осындай ұлттың көсемі» [4] болды. М. Шоқай Түркі халықтарының басын біріктіруде қаншама қиындықтарға, қарсылықтарға қарамастан өзінің ұстанымы мен саяси тактикасынан бір сәт те ауытқыған емес.

Түркістан мұхтарияты өзбек, қазақ, қырғыз, татар, түркімен, тәжік халықтарының бірлескен күш-жігері арқасында дүниеге келді. Сол себепті

Х.М.Түрсұнның Түркістан ұлт-азаттық қозғалысы жеке бір ұлттың емес, көп ұлтты сипатта [5] дамыды деген пікірімен және Сафаровтың Түркістан Мұхтариятын орнатуда қазақ зиялыларының да белсенді рөл атқарғаны [6] туралы ойлары Түркі халықтарының тәуелсіздігі жолындағы күресі мен бірлігін дәйектей түседі.

Түрік-мұсылман халықтарының азаттық қозғалысы жетекшілері арасында отарлық үстемдікке этностық және діни негіздегі ынтымақтастықты қарсы қою әрекеттері басым болды. М. Дулатовтың 1929 жылы 30 қарашада ОГПУ тергеушілеріне берген жауабы осы жағдайды аңғартады: «Ол кездегі Түркістан мен қазақ бірігуі керек деушілердің дәлелі орыс отарлаушылығынан құтылу үшін, күшті болып ұлттық бірлігімізді жүзеге асыру үшін Орта Азия елдері бірігуіміз керек дейді» [5]. Орта Азиядағы түркі халықтарының бірігуі арқылы отаршылдыққа қарсы тұра аламыз деп есептеген.

Түркістанның бірігуі идеясын М. Шоқай дамытты, теориялық деңгейге көтерді және оны Тәуелсіздік үшін күрес құралына айналдырып, тәуелсіздік жолындағы күресте одақтастар тауып бірігіп күресуге шақырды. М. Шоқай, 1931 жылы «Біз миллиондаған тұрғындары бар Ресеймен күресте жеңіске жеткізетін ең тура, ең сенімді жолдар мен тәсілдерді таңдап ала білуіміз керек. Тек өз күшіміздің аздық ететіні көзге көрініп тұрғаны ақиқат. Сондықтан біз өзімізбен тағдырлас және өзіміз сияқты ұлттық тәуелсіздікке ұмтылып отырған халықтармен тізе қосып, күш біріктірудің жолдарын іздестіруіміз лазым» [1], – деп жазады.

Мұстафа Шоқай Кеңес Одағы құрамындағы қазақ, өзбек, түркімен, қырғыз, татар, башқұрт, қарақалпақ т.б. түрік халықтарының тәуелсіздік жолында бірлесе күресуге үндейді. «Түркістанның ұлттық күштері топтаспайынша, Түркістанның болашағын қамтамасыз ету мүмкін емес, «Мәскеудің азабынан» құтылып, ұлттық азаттығымызға тезірек қол жеткізетін бірден-бір дұрыс жол түрікшілдік жолы» [1], – деп есептеген Мұстафа Шоқай.

Белгілі көрнекті ғалым Шәкір Ыбыраевтың «Намық Кемал Зейбек және Түркі әлемі» кітабында: «Әсіресе, XX ғасыр басындағы ұлт-азаттық қозғалыстың төл перзентіндей дүниеге келген, отарлық езгіде қалған түркі халықтарының ояну дәуірімен сабақтастықта пайда болған түрікшілдік идеяның мансұқталғаны соншалық, билеуші күштер зорлықпен таңған «пантүркизм», «панисламизм», «реакциялық қозғалыс» сияқты таңбалар күні кешеге дейін қарғыспен бірдей мәнге ие болып келді...

...Түркі халықтарының әлемдік өркениет көшінен іркіліп қала бастаған тұсында алпауыт елдердің өктемдігі мен отаршылдық саясатына тізе қсып қарсы тұру, ол үшін тегі, тілі, діні, ділі бір халықтардың бірігу идеясынан шыққан қозғалыс екені қапысыз шындық... И.Гаспыралы, А.Бісқақи, А.З.Уәлиди, М.Шоқай, Т.Рысқұлұлы, З.Гөкалып, М.Жұмабай, Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсын, М.Х.Сұлтан-Ғалиев, Ю.Ақшора, Мүнәуар қари, М.Бехбуди, М.Ә.Расулзаде, т.б. түрік дүниесінің тамаша перзенттері мен саяси қайраткерлерінің отаршылдыққа қарсы ой-пікірлері, елін, жерін сүю, оны білім мен прогресс жолына салу ескі көп ұлтты империяның орнына ұлттық мемлекет құру сияқты көзқарастарын, олардың бірін-бірі таныған-танымағанына қарамастан мақсат-мүдделерін бір арнада тоғыстырып жатты.

Ресей империясының қол астындағы түрік халықтарының тәуелсіздік алуы бір-бірлеп жеке-жеке жүзеге асуы мүмкін еместігін түсінген олар, бірігіп қарсы тұратын күш іздеді. Ол күштің әрі табиғи, әрі түсінікті этностық жақындыққа негізделуі, соған үміт артуы заңды болатын» [7] деген тұжырымдамалық ұстанымы әбден орынды.

Түркі халықтарының бір бұтағы саналатын «Түркі елінің қара шаңырағы» болып танылатын Қазақстан әлемдік халықаралық деңгейде даму жолына Қазақстан Президенті Н.Ә.Назарбаевтың жүргізіп отырған саликалы саясатының нәтижесінде жетіп, бабалар аңсап өткен Тәуелсіздік жолында әлемнің өркениетті елдерімен интеграциялық-экономикалық, мәдени қарым-қатынаста тең құқықта табанды түрде даму жолына бет бұруда. 20-жылдардың екінші жартысынан Түркістан бірлігі идеясы жаңа мазмұнда сипат алады. «Біз, негізінде, үлкен күшке иеміз. Бұл күш – түрік ісі бірлігі... Еврейлер «Варшавада бір еврейдің тісі ауырса, Америкадағы еврейдің жағы сыздайды» дейді. Сол сияқты біз де түрік тектес бір ел азап шексе, барша түріктер азап шегеді деуіміз қажет» [8] – деп жазады Мұстафа Шоқай «Яш Түркістан» журналына.

М.Шоқай Түркі әлемінің бірлігі өз алдына дербес мемлекет ретінде тәуелсіздігін алғанда ғана іс жүзіне асатынын түсінді. Бұл тек түрік әлемінің қара шаңырағы Түркістанда ғана жүзеге асырылады деп болжайды. Башқұрт қайраткері Омар Тенерекоғлы 1929 жылдың 10 сәуірінде М.Шоқайға жазған хатында: «Түрік ұлттық қозғалысының биік мұраты – түрік ұлттық мәдениеті мен өркениетінің тек Түркістанда түріктердің ғасырлардан келе жатқан отанында жүзеге асуы мүмкін» [28], – дейді.

Мұнан бұрынырақ (1929, 11 ақпанда) М.Шоқай О.Тенерекоғлына «Түркістан идеясы» деп өзінің татар-башқұрт-түркістандық үштік коалициясын ұғынатынын, оның «өте қажеттілігін» және «қолайлылығын» айтады. Сол жылдың 21 ақпанында О.Тенерекоғлы Краковтан М.Шоқайға «мен де Сіз сияқты жалпы түріктік көзқарасты ұстанамын... Ресейде түрік ұлттық мәселесі Түркістан тәуелсіз болғанда ғана шешілетініне сенемін» деп жауап қайтарады. «Не Әзірбайжанның тәуелсіздігі, не Қырымның тәуелсіздігі түрік ұлттық проблемасын шеше алмайды. Еділ бойы түріктерінің мәселесі түгелдей Түркістан мәселесіне байланысты» [4] – деп Мұстафаның пікіріне толық қолдау білдіреді.

М.Шоқайдың халықаралық байланыстары тек түрік халықтарының өкілдерімен шектеліп қалған жоқ. Ол Украина мен Кавказ халықтарының Еуропадағы өкілдері құрған Прометей одағына кірді. Бұдан басқа, Парижде Кавказ, Түркістан және Украина халықтары достық комитетін құрып, оның басшысының орынбасары болып сайланды. Ағылшын парламенті, Жапон үкіметі мүшелерімен байланыс орнатты...» [9] – деп жазған (Түркістан. 27 маусым, 2013 ж.) ой-пікірлері М.Шоқайдың саяси, қоғамдық қайраткерлігін, шетелде жүрсе де Түркістанның, түркі халықтарының бірлігіне қосқан саналы еңбектерін паш етеді. М.Шоқай елдегі ахуалдарға да құлақ түріп, кеңес өкіметі халық басына түсірген нәубетті, ашаршылық, қуғын-сүргін қырғыны туралы да Еуропа елдеріне жария етіп, қылмысын әшкерелеу де мақалада қамтылған.

М.Шоқай өмірінің соңына дейін Түркістанның бостандығын аңсаған, сол үшін жан-тәнімен күрескен ер. Оның айтар аталы сөзі: «Түркістан – күллі түрік тілдес халықтардың ортақ отауы, ол ешқана бөлінбейді». Ол Түркістанды ата-мекенім деп ардақ тұтатын түркі халықтарын біртұтас бірлікке шақырды. Бірақ ол кезде бұл шешілмейтін түйінді мәселе еді. Соның өзінде ол осы ойынан тайсалмады. М.Шоқай Түркістанның өз тағдырын өзі шеше алатын қабілеті бар демократиялық егемен ел болатынына сенді. Амал не, қазақ жерінің маңдайына сыймай, қайран ерлеріміз халық жауы атанып, қайсыбірі жат жерде, Отанынан жырақта жүрді. «Елім, халқым» деп өксіп өткен сол ерлердің Отаны – Орта Азия республикалары бүгінде тәуелсіздікке қол жеткізіп, егемен елдер атанды. Бұрынғыдай Орталық тұсауында шідерленбеген, әр халық өз мемлекеттерінің тағдырын өзі шешіп, еркін өмір жолына түсті [10]. М.Шоқайдың аңсап өткен Түркі әлемінің тәуелсіздігі, теңдігі, егемендігі іс жүзіне асты.

Түркі Әлемінің көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері Намык Кемал Зейбек: «Қазіргі таңда біз «Түркі дүниесі» деп жүрген бір шындық бар. Бұл шындықты ортаға шығарған әлемдегі болып өткен өзгерістер. Өзгерістермен бірге шыққан қиыншылықтар да бар. Әр мемлекет көршілес, жақын мемлекеттермен бірге ынтымақтасады және өзге ұшырамай өмір сүруін жалғастырғысы келеді. Әлем геосаясатының бізге берген шындықтары осы. Тоғыз жасынан бері түрік бірлігі арманымен өмір сүрудемін, бірақ қазір бұл бірлікті тек қана арманмен шешіп болмайды, басқа да фактор, мәселелер бар. Жеті түрік тектес мемлекет бар. Бұл мемлекеттер бір құрылым төңірегінде бірлесіп, әлемде болып жатқан геосаясаттан өзіндік бір орнын алулары керек. Әлемнің ең маңызды күшіне айналған АҚШ дүниежүзінде үстемдік құрумен отарлауға бет бұрғанда түркілер

өзара бірлесіп, солтүстік, оңтүстік және шығыстағы қоңсылармен келісім ішінде болуын қалаймын. Бұны еуразияшылдық деп атасақ және шын мәнінде түрік халықтарының бүгіні мен ертеңі үшін осындай одақтастықтың қажет екені айдан анық. Осыған байланысты түркі, славян және парсы мәдениеттері мен халықтары міндетті түрде еуразия аймағын құру қажет» [7, 115-116] – деп Түркі әлемінің бірлігімен қатар көрші елдермен де достық қарым-қатынаста болу өмір талабынан туындап отырған дүние деп есептейді.

Түркі әлемінің ұлы қайраткерлерінің мүдделері, ой-пікірлері бір арнада тоғысуы түркі халықтарының бірлігі бөтен елдерге күш көрсету емес, қайта басқа елдермен достық, ынтымақтастық қарым-қатынаста болып, инновациялық, экономикалық, мәдени өркениеттерді дамыту ең басты мәселе болып табылды.

Әдебиеттер

- 1 Мұстафа Чокай оглы (Чокаев) (25 оутября 1890 – 27 декабрия 1941) Издано Обществом изучения Центрального Азия. – Англия: Оксфорд, 1986.
- 2 Қоқан Мұхтарияты жайында. «Йени Түркістан» журналы, № 7, 1927. // Аударған – Дархан Қыдыралиев. – Алматы: «Ақиқат». № 4. 2005. – 53 б.
- 3 Чокай М. Отрывки из воспоминаний о 1917 годе. –13 с.
- 4 Ibid. Carton 2. Dossier 3. – 9 p.
- 5 Тұрсұн Х.М. Түркістан (Қоқан) автономиясы: қалыптасу және күйреу тарихы (1917–1918 жж.) Тарих ғыл.к... дисс. Авторефераты. – Алматы, 2001.
- 6 Сафаров Г. Колониальная революция. – М., 1921. – 119 с.
- 7 Ыбыраев Ш. Намык Кемал Зейбек және түркі әлемі. – Түркістан: «Тұран» баспасы, 2004. – 15-17-б.
- 8 Есмағамбетов К. Әлем таныған тұлға (М.Шоқайдың дүниетанымы және қайраткерлік болмысы). –Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 341 б.
- 9 Ысымұлы А. Түрік әлемі көсемінің арманы. – Түркістан. 27 маусым, 2013. – 9 б.
- 10 Асқаров А. Ұлы Тұранның ұлдары. – Алматы: «Нұрлы әлем», 1998. – 155–156 б.

References

- 1 Mұstafa Chokaj ogly (Chokaev) (25 outjabrja 1890 – 27 dekabrja 1941) Izdano Obshhestvom izuchenija Central'nogo Azii. – Anglija: Oksford, 1986.
- 2 Қоқан Мұхтарияты zhajynda. «Jeni Tүrkistan» zhurnaly, № 7, 1927. // Audarған – Darhan Qydyraliev. – Almaty: «Aқиқат». № 4. 2005. – 53 b.
- 3 Chokaj M. Otryvki iz vospominanij o 1917 gode. –13 s.
- 4 Ibid. Carton 2. Dossier 3. – 9 r.
- 5 Тұрсұн Н.М. Түркістан (Қоқан) avtonomijasy: қалыптасу zhәне күйреу tarihy (1917–1918 zhzh.) Tarih gyl.k... diss. Avtoreferaty. – Almaty, 2001.
- 6 Safarov G. Kolonial'naja revoljucija. – М., 1921. – 119 s.
- 7 Ybyraev Sh. Namyk Kemal Zejbek zhәне түrki әlemi. – Tүrkistan: «Тұран» baspasy, 2004. – 15-17-b.
- 8 К. Әлем таныған тұлға (M.Shokajдың дүниетанумы zhәне қайраткерлік болмысы). –Almaty: Dajk-Press, 2008. – 341 b.
- 9 Ysymұly A. Tүrik әlemi көсемінің armany. – Tүrkistan. 27 mausym, 2013. – 9 b.
- 10 Askarov A. Yly Tұrannuң ұldary. – Almaty: «Nұrly әlem», 1998. – 155–156 b.